

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 244 (9306) | 1953 жылғы 13 декабрь Жексенбі | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Халық тұтынатын товарлар өндіру ісі жақсартылсын

Бүкіл еліміздегі сыяқты облысымыздың жеңіл, тамақ, жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындары партиямыз бен үкметіміздің халық тұтынатын товарларды көптеп шығару, оның сапасын жақсарту жөнінде үздіксіз көрсетіп отырған қамқорлығының арқасында отандық озат техникамен жылма-жыл мол жабықталуда. Сол сыяқты, олар шикізатты, отын мен материалдарды да уақтылы және керегінде алып отыр. Бұл өнеркәсіп орындарына өнім шығаруды ұлғайтуға, оның сапа көрсеткіштерін жақсартуға зор мүмкіншіліктер тұтытуда. Үстіміздегі жылы облыс өнеркәсіп орындары өнеркәсіп және азық-түлік товарларын өткен жылдан едәуір көп шығарды.

Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, облыстың бірешпыра алдыңғы қатарлы өнеркәсіп орындары көпшілік тұтынатын товарлар өндіруді айтарлықтай табыстарға жетті. Мысалға қаладағы «Ударник» көпшілік артелін алайық. Артель коллективі өздерінің ішкі күш-мүмкіншіліктерін толық пайдалану, өндіріс процестерін үздіксіз жетілдіру нәтижесінде жылдық жоспарды өнімнің барлық түрі бойынша мерзімінен бұрын орындап шықты. Петропавл былғары заводы да осы жылдың 11 айлық жоспарын өнімнің барлық түрінен толық орындады.

Бірақ, облысты тұтас алғанда істің жайы тиісті дәрежеде емес. Бірқатар кәсіпорындарында өнеркәсіп және азық-түлік товарларын өндіру мүлде қанағаттанғысыз. Париж коммунасы атындағы аяқ-киім фабрикасы өндірістік жоспарды көп уақыттан бері орындай алмай келеді. Фабрикада үстіміздегі жылға белгіленген жоспардың орындалуы да нашар. Осы жылдың өткен 11 айы ішінде ол еңбекшілерге жүздеген нар аяқкиімді жоспардан кем берді. Солай бола тұрса да, фабрика басшылары (директоры Гаев жолдас) өндіріс мүмкіншіліктерінің тиімді пайдаланылуын, өнім сапасын жақсартып, оның өзіндік құнының кемітілуін қамтамасыз ету жөнінде нақтылы шаралар белгілемей отыр.

Халық тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарларын шығаруда Прес-

тық кәсіпшілік советінің басшылары ол күш-мүмкіншіліктерді тиімді пайдаланып, мемлекеттік жоспардың әрбір бұйым бойынша орындалуына жетісуге жеткілікті қамқорлық жасамай отыр.

Өнімнің сапасы — кәсіпорындары жұмысының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Облыстың алдыңғы қатарлы өнеркәсіп орындарында өнімнің сапасы үздіксіз жақсаруда. Бұл жөнінде былғары заводы мен темекі фабрикасының коллективтері айтарлықтай табыстарға жетуде. Мұнда өнімнің басым көпшілігі жоғары сапада шығарылады. Мысалы, темекі фабрикасы өткен 11 ай ішінде негізінен жоғары сапалы өнім берді. Өнімнің сапасын жақсартуда шойын кую-таразы заводында да бірқатар табыстарға қол жетті.

Дегенмен бірқатар өнеркәсіп орындарында өнімнің сапасы әлі төмен. Петропавл нан комбинаты сапасыз өнім шығарудан осы күнге дейін арыла алмай келеді. Бұйымның сапа көрсеткіштері «Есім», «Қазақстанның 15 жылдығы» кәсіпшілік артельдерінде де маз емес. Бұларда бұйымдардың сапасы тұтынушыларды көп реттерде қанағаттандырмайды. Тіпті аталған артельдерде киімдер ескірген әдістермен тігіліп жүр.

Партиямыз бен үкметіміз халықты өнеркәсіп және азық-түлік товарларымен бәрінша жеткілікті қамтамасыз ету, сөйтіп, олардың әл-ауқат дәрежесін оған сайын жақсарту міндетін алға қойып отыр. Сондықтан халық тұтынатын товарлар өндірудегі жоғарыдағыдай кемшіліктерге төзуге тіпті болмайды. Өнеркәсіп орындарының басшылары партия, көпші одақ ұйымдары еңбек ұйымдастыру ісін шұғыл жақсартып, өнім шығару жоспарының барлық көрсеткіштер бойынша голық орындалуын қамтамасыз етулері керек.

Кәсіпорындарының ең басты бір міндеті — өнімнің өзіндік құнын үздіксіз кемітіп отыру болып табылады. Олардың өндірген бұйымдары тек осы жағдайда ғана еңбекшілердің керексінуін өтеу дәрежесінде болады. Атап айта кету қажет, облыстың көпшілік тұтынатын товарлар өндіретін кәсіпорындарында өнімнің өзіндік құнының кемітілуі мүлде қанағаттанғысыз. Бұл ешбір төзуге болмайтын жағдай. Өнімнің өзіндік құнын кеміту үшін

## Малдың қысқы күтімін жақсарту — мал басын өсірудегі негізгі шарттардың бірі

### Ұқыпсыздық

Калинин атындағы колхоз (Октябрь ауданы) мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі — қысы маусымға жақсы әзірленбеді. Ескі мал қораларын жөндеу, жаңа қоралар салу ісі қанағаттанғысыз жүргізілді. Бұған қой қорасы және төл үйі құрылыстарының аяқталмай қалуы, шошқа қорасының жөндеуден өткізілмеуі толық дәлел бола алады. Сол сыяқты, малға жемшөп дайындау жоспары да орындалмады. Дайындалған азықты қоралар жанына тасу кезінде ұйымдастырылмады.

Мал азығының тапшы болып отырғанына қарамастан жемшөп ұқыпсыз, өлшеусіз, бейберекет жұмсалуда. Ал, малды бағын күтуде зоотехникалық-малдәрігерлік ережелер қатаң сақталмайды. Мал фермаларында кадрлар тұрақтандырылмайды. Сыйыр фермасының менгерушісі жоқ, сауыншылар жеткіліксіз.

Колхоз председатели А. Сычев жолдас мал өсірушілерді алда тұрған шұғыл міндеттерді орындауға жұмысшылар аямай, бұл аса маңызды шаруашылыққа қамқорлықты нашарлатып жіберді. Ал, колхоз партия ұйымының секретары Я. Бондаренко жолдас фермалардағы жағдайды жақсарту ісінен мүлдем шеткері қалып отыр. Ол колхоз коммунистерінің өндірістік белсенділігін арттыруда, еңбек озаттарының инициативасын қолдауда мардымды ештеңе істемей келеді.

Осындай кемшіліктерге жол берілудің садранынан колхозда соңғы екі айдың ішінде малдың өнімділігі кеміп, едәуір мал басының шығыны болды.

Колхоз басшылары қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жолында кездескен бұл кемшіліктерден қорытынды шығарып, шаруашылықтың бұл саласына бүгін таңдағы талаптарға жауап беретіндей басшылық жасаулары керек.

А. СУРАҒАНОВ.

### Мал күтімі жақсы

Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозының малшылары мал шаруашылығын өр-

...Коммунистік партияның Орталық Комитетінің Пленумы ауыл шаруашылығының, колхоздардың, совхоздардың және аудандардың артта қалған салаларын алдыңғы қатарлылар дәрежесіне жеткізуге, сөйтіп, бүкіл социалистік ауыл шаруашылығының мықтап өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ірі-ірі шараларды жүргізуді қажетті және шұғыл міндет деп есептейді.

(СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысынан).

Көктемгі егіске тыңғылықты әзірленейік

### Төзгісіз кемшіліктер

Боновалов МТС-нің қамтуындағы (Октябрь ауданы) алдыңғы қатарлы колхоздарда мол өнімнің негізі — сапалы тұқым әзірлеу жұмысы тыңғылықты ұйымдастырылды. «Гигант» және «Дружина» колхоздарында барлық тұқым тазартылып, жақсы жабықталған қоймаларда сақталуда. Осы колхоздардың агрономдары Денисенко және Зялоржец жолдасар тұқымның агротехникалық ережелерге сәйкес сақталуына, оның өнгіштігі сапасын кемітпеуіне ерекше көңіл бөлді. Олар бақылау лабораторияларында тұқымды жиі-жиі тексеруден өткізіп тұрады.

Алайда, істің жайы МТС қамтуындағы колхоздардың бәрінде бірдей емес. Көп түскелі біраз күндер өтсе де, кейбір колхоздарда тұқымды қоймаларға тасып алу ісі мейлінше кешіктірілуде. Мәселен, «Трудовик» колхозының дала қырманьында 2018 центнер тұқым тазартылмаған күшінде әр жерде тау-төбе болып үйіліп жатқанына көп уақыт өтті. Мұнда тұқымның қызып, бүліну фактілері де бар. Солай бола тұрса да, колхоз председатели Нивоваренко мен агроном Шевченко жолдасар бұл іске мән бермей отыр.

«Путь к коммунизму» колхозында 4547 центнер тұқым әлі күнге дейін ашық қырманьында сақталып келеді. Колхоз председатели Дундузов жолдас тұқым тасуды «қолайлы қойма жоқ» деген желеумен кешіктіреді. Ал, астық қоймасын салуға босатылған құрылыс материалдары іске жаратылмай отыр. Бұл сыяқты кемшіліктер «Победа», «Интернационал», Чапаев атындағы колхоздарда да кездеседі. Тіпті «Победа» колхозында 1859 центнер жазық бидай тұқымын тазарту әлі қолға алынбаған.

Аталған колхоздың басшылары мен агрономдар егіншіліктің мәдениетін көтеріп, дақылдардың барлық түрінен тұрақты, әрі мол өнім алуға сапалы дайындалған тұқымның шешуші роль атқаратынын ұмыттып отыр.

Колхоздарда қолда бар техника қуаты тұқым тазартуға толығымен пайдаланылмайды. Бұған «Путь к коммунизму» колхозында астық тазалайтын екі күрделі машинаның көптен бері босқа қарап тұруы толық дәлел бола алады.

Келесі жылғы егіске тұқым әзірлеуде

Аспандағы жарық жұлдыздарды бұлт жапқан, қараңғы түн. Күндізгі бүркасын боран қарды жоғалтты. Мұның үстіне, маңдай алдан — солтүстік-шығыстан соққан үскірік жел аттың тұмсығына саусақтай қып мұз қатырып, жүрісің жол ұзарған сайын баяулатқандай. . . Баратын жеріміз әлі алыс сыяқты. Айнала тым-тырыс. Ауыл жақын болса шамның жарығы көрінер еді. Бірақ, әлі шам жарығы көрінбейді. Уақыт өтіп, жол ұзарған сайын әлде аластың па, деп ойлаймыз. Сөйтіп, келе жатқанымызда ойламаған жерден тынымсыз соққан трактор моторының даусы, онымен қосыла шыққан жастардың әні естіле бастады.

— Міне, тамаша, осы уақытта еңбек думанында жүрген ерлер кімдер екен?, — деп таңырқады Пресновтан бірге шыққан жолдасым.

Бір кезде «ДТ — 54» тракторымен бір мая шөпті сүйретіп әкетіп бара жатқан адамдарға кездестік. Біздің жол сұрайтымызды білгендей маңың төбесін қуыстан, алқа қотан болып отырған адамдардың ішінен аккумуля жас жігіт секіріп түсіп бізге келді.

Бұлар біз келе жатқан Киров атындағы колхоздың мүшелері мен Баян МТС-нің механизаторлары екен. Жаңағы келген жас жігіт колхозшы, комсомолец Қайырбек Касенов жол жөнін айтты. Бізбен біраз әңгімелесіп, жұмыс жайы жөніндегі сұрағымызға ол былай деді:

— Кәзір колхозы ауылда күні-түні қайнаған еңбек. Сентябрь Пленумының қаулысы ауыл адамдарының еңбекке деген жігерін еселеп арттырды. Коммунистер мен комсомолдер қажырлы еңбектің үйтқысы болып келеді... Ауылға барған соң игілікті істің куәсі боларсыздар, — деп күлімдеді Қайырбек.

— Бұл сөзіңізге қуанышпен нанамыз. Осы түнгі жұмыстарыңның өзі-ақ айтып тұр ғой. — деп біз ілгері жүріп кеттік.

Колхозды ауылдың ұзын көшесіне келіп кіргенімізде екінші бір трактормен біртөп адамдар бізге қарсы жолықты. Олардың да шөп тасуда жүрген түнгі есепшісі алаңданып екенін сұрамай-ақ білдік.

мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Қазақ ССР колхоздарында 1953 — 1954 жылдары мал қыстатуды өткізу жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулысына сәйкес ұйымдастыру үшін күресудеміз. Ферма менгерушісі айтса айтқандай, мал қыстату маусымын үлгілі өткізу жөніндегі күрес ойдағыдай ұйымдастырылуда. Коммунистер мен комсомолецтердің басым көпшілігі мал шаруашылығының шешуші учасқтерінде жұмыс істейді. Колхозда 8 коммунист, 12 комсомолец ферма менгерушілері, мал күтуші, қыстау маңына мал азығын тасушы болып жұмыс істейді. Олар өздерінің қажырлы еңбектерімен де, үлгілі сөздерімен де мал өсірушілерді қажырлы еңбекке бастап жүр.

Ноябрь айының соңғы күндерінің бірінде өткен партия жыйналысында мал қыстату маусымын үлгілі ұйымдастыру жөнінде мәселе қаралды. Партия жыйналысы мал азығын тасу жөнінде онкүндік жариялауды, сөйтіп, қысқа мерзімде даладағы мал азығын қыстау маңына тасып алуды ұйғарды. Бұл жөнінде колхоз үгітшілері колхозшылармен арнаулы әңгімелер өткізді. Партия жыйналысының қаулысы комсомолдер мен колхозшы шаруалар арасынан қызу қолдау тапты.

Осы колхозда жұмыс істейтін Баян МТС-нің механизаторы Шапо жолдас бригадир болып істейтін № 16 трактор бригадасының механизаторлары шөп тасуда шешуші күш екенін ескеріп, көтеріңкі міндеттемелер алды. Трактормен шөп тасуда таңдаулы колхозшылардан 18 адам бөлінді. Олардың ішінде Шалабаев, Касенов, Мухамедғалиев және басқа бірнеше комсомолдер бар.

Бұлар социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін орындауға қызу кірісті. Жұмысты күні-түні ұйымдастырды. Сөйтіп, үш трактормен алғашқы он күнде 15 мың центнер шөп тасыды. Кәзір бригадда мүшелері таяудағы екі-үш күнде мал азығын тасуды толық аяқтағалы отыр.

— Шөп тасудағы механизаторлар мен колхозшылар, — дейді колхоз председатели



тары да артта қалып келеді. Бұлар өнім шығарудың айлық тапсырмаларын ұдайы орындай алмай жүр.

Еңбекшілердің көпшілік тұтынатын товарларға деген қажетін мінсіз өтеуде өнімнің асортиментін көбейтудің маңызы ерекше зор. Алайда, бірсыпыра кәсіпорындарында өнімнің асортименті өте аз. Бұл жөніндегі тапсырма көбінесе орындалмайды. Мысалы, облыстық жергілікті және отын өнеркәсібі мекемесіне қарасты өндіріс комбинаттарында жағдай дәл осындай. Быйылғы жылдың 11 айы ішінде комбинаттарда өнімнің түр-түрі жағынан алғанда жоспар жартылай ғана орындалды. Олар халық тұтынатын товарлардың ең негізгі түрлерін — әсіресе, былғары, жүннен жасалған аяқкиімдерді, ыдыс-аяқтарды және басқа да үй шаруасына қажетті бұйымдарды жоспардан көп кем берді.

Сол сияқты, «Комсомолка» тігін фабрикасында да өнімнің асортименті тұтынушылардың қызығуын өтеу дәрежесіне сай емес. Мұнда киімнің біраз түрлері мүлде аз шығарылады. Фабрика мұның есесіне киімнің басқа түрлерін мөлшерден көп тігеді. Сөйтіп, ол өндірістік жоспарды өнімнің барлық түрлері бойынша емес, оның санаулы түрлерінен ғана орындай келеді.

Жалғыз аталған кәсіпорындары ғана емес, облыстық кәсіпшілік советіне қарасты бірқатар артельдерде де өнім шығару жоспары барлық көрсеткіштер бойынша толық орындалып жүрген жоқ. Мәселен, «Строитель» кәсіпшілік артелиінде трикотаж бұйымдарын өндіру ісі өте артта қалып қойды. Мұндай жағдай облыстық кәсіпшілік советінің басқа да бірнеше артельдерінен кездеседі. Ал, облыстық кәсіпшілік советінің бұл артельдерінде өндірістік жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша толық орындауға күш-мүмкіншілік жеткілікті. Бірақ, не пайда, облыс-

## К. Е. Ворошилов жолдастың «Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығы» туралы баяндамасы қазақ тілінде басылды шықты

Қазақтың мемлекеттік баспасы К. Е. Ворошилов жолдастың Москва Советінің 1953 жылғы 6 ноябрьдегі салтанатты мәжілісінде жасаған «Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығы»

туралы баяндамасын қазақ тілінде жеке кітапша етіп басып шығарды. Кітап көп тиражбен шығарылды.

(ҚазТАГ).

## Мамандар өздерінің тәжірибелері және білімдерімен ауысуда

РЯЗАНЬ. (СОТА). Бұрын өнеркәсіп орындары мен облыстық және аудандық мекемелерде істеген ауыл шаруашылығының 1200-ден астам мамандары МТС-тер мен колхоздарға кетті.

Бұдан біржарым ай бұрын Чаплыгин ауданының кейін қалған колхозы — Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелине тұрақты жұмысқа аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасынан агроном Хлебникова мен зоотехник Попова келгенді. Олар колхозшылармен бірлесе отырып, артель шаруашылығын дамытудың перспективті жоспарын жасады. Бұл жоспар бойынша колхозда келесі жылы егін, мал азығы және овощь ауыспалы егісін ең-

гізу қарастырылған. Күзді күні қоғамдық жеміс бағы орнатылды. Көзір мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстар механикаландырылуда.

Рязань станок жасау зауытының инженерлері Постникова және Беленкова жолдастар Лебедянский МТС-іне келісімен мұнда жоспарлаудың және еңбекті есепне алудың заводқа қолданылған тәжірибесін іске асырды. Бұл мастерской жұмысын жақсартты. Көзір МТС колхоздарға мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға көмектесуде.

Өндірістен колхоздар мен МТС-терге келген жүздеген мамандар өздерінің білімдері мен өндірістік тәжірибелерін ойдағыдай жұмсауда.

көрсету жолындағы күресті күшейту ісінде. Мұнда қоғамдық мал құнарлы жемшөпін, қоралармен қамтамасыз етілген. Әсіресе, колхоздағы сыйыр малы фермасының күнбе-күнгі істелетін жұмыстары ойдағыдай ұйымдастырылған. Фермада жемшөп малға норма бойынша беріліп тұрады. Жемшөпті ысырапсыз және тиімді пайдалану үшін азықты өлшеп беруге арнаулы адам тағайындалған.

Фермада өз ісін жете білетін таңдаулы мал өсірушілер көп. Солардың бірі қарт колхозшы К. Көшербаев жолдас. Ол өзінің бірнеше жылғы тәжірибесін мал күтуге шебер қолданып отырады. Көшербаев жолдас жаз айларында 224 сыйыр малын құнарлы жайылымдықтарда бағып, күйлі әрі шығынсыз өсірді. Көзір ол қарамағындағы 70 төлді қыстан аман алып шығу үшін жанамай еңбек етуде.

Колхоз машыңлары партия мен үкметтің мал шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі қаулысына, қажырлы еңбектерімен жауап бермек.

Қ. ҚАЛИТОВ.

## Сүт сауу жоспары асыра орындалды

«Пятилетка» колхозы (Конюхов ауданы) малды күту, азықтандыру жұмысын едәуір жақсартты. Колхоз фермаларында жұмыс күнінің тәртібі қатаң сақталады. Малға пішен, концентрат және құнарлы азықтар норма бойынша беріледі.

Мұның бәрі малдың өнімділігін арттыруға қолайлы жағдай жасап отыр. Сауын сыйырларды азықтандыру, күту дұрыс ұйымдастырылғандықтан олардың сүт өнімі молайды. Сауыншы Васильева, Могилына жолдастар өздеріне бекітіліп берілген әрбір сыйырдан жоспар бойынша 1600 литрден сүт сауудың орнына 1800 литрден астам сүт сауды. Сөйтіп, бұлар сүт сауу жөніндегі жылдық жоспарды көзірдің өзінде асыра орындады.

М. БЕКЕНОВ.

— Таң атқанша тағы екі рейс жасауға болады, — деседі олар.

\* \* \*

Таң сәрісінен күндізгі еңбектің дабылы басталды. Трактор бригадасында смена ауысып мотордың тоқтап сууына жол бермей, шөп тасушылар сапарға кетіп жатыр. Мал өсірушілер фермаларға келіп, мал жайлауға кірісті.

Біз сыйыр фермасына келдік. Ферма меңгерушісі коммунист Қанапин Сейіт жоны астаудай семіз сыйырларға бір қарап қойып, әңгімесін бастады:

— Малдың жайы, міне, көріп тұрсыздар. Өне, есепші комсомолец П. Тихун күндіз мал азығын норма бойынша малшыларға өлшеп беріп жатыр. Фермаға қажетті мал азығы осы қора маңына толық тасылып үйді. Қораның жылы болуы, мал азығының мол болуы себепті сыйырлардың құнарлылығы жазғы күндізгі.

Біз жұмысты, — деді одан әрі ферма меңгерушісі, — Қазақ ССР Министрлер Советі

П. Қалин жолдас, — еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Қардың жұқасында мал азығын шашпай-төкпей қыстау маңына тасып, үю — игілікті іс.

Колхоз малына шөп жеткілікті. Быйыл 21 мың центнер жабайы шөп дайындалып, жүздеген центнер шөп сүрленді. Колхоз малына май айына дейін 18 мың центнер шөп жұмсалды. Қалған шөп колхозшылардың еңбеккүніне берілді. Сақтық қорына 4 мың центнер шөп бөлінді.

Колхозда әрбір фермаға қажетті мал азығы өлшеніп, ферма меңгерушілеріне бекітіліп берілген. Мал азығының жұмсалудың колхоз басқармасы ай сайын тексеріп, оның қорытындысын басқарманың мәжілісінде талқылап отырады.

Колхозшы шаруалардың қоғамдық малды қыстан шығынсыз, күйлі шығару жолындағы алғашқы істерінің нәтижелері, міне, осындай.

М. НУРҒОЖИН.

Преснов ауданы, Киров атындағы колхоз.

## Мал қонды күтілуде

Қызылөскер қой совхозының коллективі малды күту, азықтандыру ісін жақсарту арқылы оның қондылығын, өнімділігін жазғы айлардағы қалпында сақтап келеді. Совхоздың барлық фермаларында мал жылы, жайлы қораларда күтіледі. Оларды азықтандыру, суару, тұратын орындарын тазарту жұмыстары белгіленген тәуліктік жұмыс тәртібі бойынша жүргізіледі.

Совхозда дайындалған мал азығын қоралар жанына тасу жұмысы да ойдағыдай ұйымдастырылған. Көзірдің өзінде № 1 және № 3 фермаларда қысқы маусымға керекті жемшөптің 60—70 проценті мал қораларының жанына тасылып алынды.

Мал азығы күнібұрын белгіленген норма бойынша жұмсалды. Қоны төмен малдар іріктеліп, бөлек орында құнарлы

азықпен азықтандырылып, ерекше күтіледі.

Сол сияқты, сауын сыйырлар да салмақ өзгешеліктеріне, құнарлылығына қарай алдын-ала жасалған рацион бойынша азықтандырылады. Мұның нәтижесінде олардың сүт беру мөлшері өткен жылғы осы уақыттың салыстырғанда едәуір артық болып отыр.

Ірі сабақты жемшөп малға күнібұрын тұралып, буландырылып, нәрлі етіліп беріледі. Совхоздың зоотехниктері мен мал дәрігерлері фермаларда үнемі болып, малды күту, азықтандыру жөніндегі ережелердің мұқият сақталуын бақылап отырады. Сонымен бірге, малшыларға малды қысқы маусымда күтудің және азықтандырудың тәртібі жөнінде кеңес береді.

Қ. ӘДІЛШИН.

көмектің жеткіліксіз дәрежеде өсендігін айтпай кетуге болмайды.

Тұқымды тазалау мен сақтаудағы жетіспей отырған кемшіліктерді іс үстінде жойып, бұл аса маңызды жұмысқа жаңа қарқын туғызу МТС, колхоз басшыларының басты міндеттерінің бірі.

П. КАЗАНОВСКИЙ.

## Колхоз ұсталары

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» ауылшаруашылық артели келесі жылдың көктемгі егісіне осы күндерден бастап қызу дайындалуда. Мұнда, әсіресе, ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндейтін колхозшылардың еңбегі басқаларға үлгі. Олар өздеріне тапсырылған міндетке жауаптылықпен қарап, жақсы жетістіктерге не болып келеді. Осындай озықтардың бірі — Мұсатай Омбылов жолдас. Ол аталған колхозда жеті жылдан бері ұста болып жұмыс істейді. Осы уақыттың ішінде Омбылов жолдас колхоздың құрал-саймандарын жөндеуге көп еңбек сіңірді. Ол быйылғы жылы да жұрт сүйсінерліктей еңбек етіп жүр. Көзірдің өзінде 47 тырма және бірнеше ат плугтары саналы жөндеуден өткізді.

Ұсталар ауылшаруашылық саймандарын жөндеуді жаңа жылға дейін аяқтап шығуға міндеттенген болатын. Олар бұл міндеттемелерін аброймен іс жүзіне асыру жолында қажырлықпен еңбек етуде. Жұмыс қарқынын күннен-күнге арттыру үшін қолда бар күш-мүмкіншіліктерді орынды пайдаланып келеді.

Жөндеу жұмысының нәтижелі аяқталуына колхоз басшылары тарапынан тиісті көмек үнемі көрсетіліп тұрады. Ұсталар жұмыс істеуге керекті құрал-саймандармен жеткілікті жабдықталған. Олар өзара социалистік жарысты кенінен өрістете түсіп, жоғары көрсеткіштерге жете беру жолында аянбай еңбек етіп келеді.

А. ЫСҚАҚОВ.

## УКРАИН ССР-інде



1. Сталин облысы, Макеевқа қаласындағы металлургияға арналған жаңа тұрғын үйлер. 2. Киев, Днепрдің үстінен салынған қалалық жаңа көпір. (СОТА-ның фотохроникасы).







ғының ұлы Отан соғысының жеңісінен кейінгі дүние жүзіндегі зор оқиға, ірі жеңіс болды. 500 миллиондай халық бар ұлы Қытай социалистік даму жолына түсті. 1949 жылы күзде Герман Демократиялық Республикасының құрылуы бүкіл Еуропаның тарихындағы шұғыл бетбұрыс болды.

Осы елдердің барлығы да бірінші күшті социалистік лагерге ұйымдасты.

Егер 1913 жылы империалистік лагердің халқы 100 процент болса, 1917 жылы социалистік лагердің халқы дүние жүзіндегі халықтың санына қарағанда 7,4 процент, 1946 жылы 12,5 процент, ал, 1952 жылы 34 процент болды.

Партияның XIX съезінде Маленков жолдас атап көрсеткендей, кәзіргі уақытта адам баласының үштен бірі империалистік бұғаудан құтқарылып, империалистік қанаудан босатылды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде, әсіресе, капиталистік системадан Еуропадағы және Азиядағы бірқатар елдер бөлініп шығып калғаннан кейін, капитализм системасының жалпы дағдарысының екінші кезеңі басталды.

Соғыстан кейінгі жылдардың ішінде капитализм системасының жалпы дағдарысының онан әрі тереңдеуі жағдайында екі қарама-қарсы полюс, екі қарама-қарсы орталық бар екендігі анық байқалып отыр.

Бірінші жағынан — Совет Одағы бастап отырған бірінші күшті социалистік лагер. Бұл лагер дүние жүзіндегі прогресшіл күштердің орталығы болып отыр және жаңа соғыс хауініе қарсы, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін батыл күресуде. Екінші жағынан — дүние жүзіндегі барлық реакцияшыл және агрессиялық күштердің орталығына айналып отырған АҚШ бастаған империалистік лагер. Бұл лагер монополистік капитализмнің аттөбеліндей тобырларына барынша көп пайда келтіру

лық революциялық қозғалыстың тәжірибелерін қорыта келіп, капитализм бұғауынан азат болған елдер арасында туысқандық одақ және халықтар арасындағын көмек қажеттігін бірнеше рет атап көрсетті. Бұл одақ пен азат болған халықтар арасындағы өзара көмек азат халықтарды империалистік жыртықтардан қорғап, олардың тәуелсіздігін сақтау, табыс пен экономикалық даму үшін өмірлік қажетті нәрсе. Соғыстан кейінгі дәуірде Еуропа мен Азияда бірнеше елдердің капиталистік системадан шығуы және бұл елдердің күш-қуатының мықтап өсуі нәтижесінде мызғымас күшті, бірінші социалистік лагер елдерінің арасында бұрын-соңды тарих білмеген жаңа типті қарым-қатынастар орнады. Социализм мен демократия елдері арасындағы экономикалық ынтымақ, өзара көмек негізінде дамуда. И. В. Сталин атап көрсеткендей, бұл ынтымақтың негізі адал ниеттілікпен бір-біріне көмек көрсетіп, жалпы экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету болып табылады. Азат халықтардың бұл экономикалық қатынастары социалистік лагер елдерінің мүдделері мен мақсаттарына толық сай келеді. Өйткені, бұл елдердің жалпы мақсаты бейбітшілікті қамтамасыз ету, дүние жүзіндегі миллиондаған адамдардың тұрмысын жақсарту үшін, экономикалық-әлеуметтік системасының айырмашылықтарына қарамастан, барлық елдермен экономикалық және мәдени қарым-қатынастарды нығайту болып табылады.

Соғыстан кейінгі дәуірде социалистік лагердің елдері арасында товар айналымы 1948—1952 жылдарда үш еседен артық өсті. Өзара товар алмасу келісуші елдердің мүдделеріне сәйкес, әділетті бағамен жүргізіледі. Ешбір ел екінші бір елге керекті жоқ товарларды сатып ал деп күштемейді. Ал, капитал елдерінде жағдай бұған керісінше.

Совет Одағы халықтық демократия елдеріне отандық бірінші дәрежелі құрал-жабдықтар береді, советтік озат тәжірибе-

нашарлауына кәзіргі сыртқы сауданың өте баяулаған өндірістің қарқынынан да қалып қойғандығы дәлел.

1937 жылдан 1952 жылдың бірінші жартысына дейінгі уақыт ішінде капитал елдерінің сыртқа товар шығару және сатып алу ісіне шолу жасасақ мынаны көреміз: 1945 — 1947 жылдары империалистік лагер елдерінің сыртқы саудасында аз-ғана жанданғандық болса, 1948 — 1950 жылдары толығынан тоқырағандық байқалды. Рае, 1951 жылы бұл елдердің сыртқы саудасының көлемі аздап ұлғайды, бірақ, ол қару-жарақ пен соғыс құралдарын сату есебінен ғана болған ұлғайшылық. Жұмысшы табының, еңбекшілердің басқа топтарының күйзелушілігінің барынша өрши түсуі мен капиталистік қанаудың күшеюі, оның үстіне ССРО-мен және халықтық демократия елдерімен сауда жасасудан бастарту саясаты — осының барлығы 1952 жылдың бірінші жартысында империалистік лагер елдеріндегі сыртқы сауда көлемінің қайтадан кемуіне әкеп соқты.

Дүниежүзілік бірінші рыноктың ыдырауы империалистік жыртықтардың арасында товарлар өткізетін рыноктар үшін, шикізат қоры үшін, капитал орналастыру сферасы үшін тартысты барған сайын шиеленістірмей қоймайды. Бұл күрес кәзір буржуазия доғамының барлық саяси және экономикалық өмірін түгел қамтып, барған сайын асқытуда. АҚШ, Англия, Франция, Батыс Германия Жапония арасындағы товар өткізу рыноктары үшін болып отырған бәсекеңі өрши түсуінің өзі Атлантика блогіне үлкен саяси қатер екенін монополиялық баспасөздердің өзі де мойындап отыр. Осы жағдайлардың барлығы дүниежүзілік капиталистік системаның іріп-шіріп бара жатқандығын, капитализмнің жалпы дағдарысының барған сайын тереңдей түскенін айқын сыйпаттайды.

Қ. ШӘКЕНОВ.

техникумының комсомол комитетіне тапсырды. Техникум оқушылары бұл хатты қызу талқылап, Чехословак жастарына жауап хат жазды.

### Дәрігерлер селоға баруда

Жуырда облыстық брицеллез станциясының дәрігерлері — ерлі-зайыпты Гордиенко жолдастар партияның шақыруымен селоға жұмыс істеу үшін Октябрь ауданына жүріп кетті.

Сол сияқты, облыс орталығындағы ауруханалар мен безгек ауруымен күрес станциясының біртоп дәрігерлері селоларға баруға тілек білдірді. Мәселен, дәрігер Катиланская жолдас Приешім ауданына барды.

Аз уақыт ішінде қаладағы орта білімі бар 6 дәрігерлік қызметкер селоға жұмыс істеу үшін аудандарға жүріп кетті.

### Баспасөз таратудың озаттары

Соколов ауданының байланысшылары 1954 жылға баспасөз тарату ісін ойдағыдай жүргізе отырып, тағайындалған лимитті облыста бірінші болып орындап шықты.

Баспасөз таратуда Налобин, Краснояр байланыс бөлімшелерінің бастықтары Колбасина және Коркин жолдастар, Преснов байланыс агенттігінің меңгерушісі Шакула, «Путь Ильича» колхозының хат тасушысы Денисенко және «Путь коммунизма» колхозының хат тасушысы Королева жолдастар ерекше көзге түсті.

Облыстық байланыс басқармасы баспасөз таратуды бірінші болып ойдағыдай аяқтағаны үшін аудан байланысшыларына алғыс жариялады.

—000—

### «Ленин туының» дабылдан кейін

### «Үгіт-бұқаралық жұмысына көңіл бөлінбеген жерде»

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 7 августағы санында «Үгіт-бұқаралық жұмысына көңіл бөлінбеген жерде» деген тақырыпта мақала жарияланып, онда Октябрь ауданындағы Коновалов МТС-інде механизаторлар арасында үгіт-бұқаралық саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізу ісінде жол беріліп отырған кемшіліктер атап көрсетілді.

Бұл мақала партия жыйналысында талқыланып, онда көрсетілген фактілер толық анық деп табылды. Партия жыйналысы МТС-те саяси-бұқаралық жұмысты жүргізуде жол берілген кемшіліктерді жоюға бағытталған нақтылы қаулы қабылдады.

Ы. ЫБЫРАЕВ,

ҚКП Октябрь аудандық комитетінің секретары.

### Өз жұмысын ұмыт қалдырған ұйым

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы комсомол ұйымы жұмысының жоғары дәрежеде болуына ерекше назар аударды. Комсомолдер мен жастардың саяси білім дәрежесі неғұрлым жоғары болса, олардың ауыл шаруашылығын өркендетудегі белсенділігі солғұрлым арта беретіні мәлім. Бірақ, не пайда, мұны Ленин атындағы колхоз (Октябрь ауданы) комсомол ұйымының секретары Р. Құрманғалиев жолдас ескермей жүр.

Ол комсомол жыйналысын екі-үш айда бір-ақ рет өткізеді. Комсомолдердің мүшесі жәрналары кезінде жыйналмайды. Саяси үйірменің сабағы оқта-текте ғана өтеді. Сөйтіп, комсомол ұйымының жұмысына көңіл бөлінбей келеді.

Р. АЙНАРОВ.

### Пленум қаулысы кеңінен түсіндірілуде

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын Аманжолды атындағы колхоздың (Совет ауданы) колхозшылары зор қуанышпен қарсы алды. Пленум қаулысымен жігерленген колхозшылар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, еседен қарқынмен еңбек етуде.

Колхозда үгітшілер коллективі жұмыс істейді. Оның құрамында колхоздың активтері, жетікылдық мектептің мұғалімдері және басқа үгітшілер бар. Олар шаруашылықтың әртүрлі учасіткеріне бөлінген. Бастауыш партия ұйымы Пленум қаулысын насихаттау жөнінде арнаулы жоспар жасады.

Бұл күндері үгітшілер коллективі сентябрь Пленумының қаулысын колхозшылар бұқарасы арасында кеңінен насихаттауда. Бригадаларда, мал фермаларында және трактор отрядтарында Пленум қаулысы бойынша бірнеше рет әңгімелер өткізіліп, баяндамалар жасалды. Бұл өңгі-

мелер мен баяндамаларға 700 ден астам колхозшылар қатысты.

Комсомол комитетінің секретары Б. Құрманғалиев, мұғалім К. Қажымұратов және басқа үгітшілер өздерінің әңгімелерін колхоз өмірімен байланыстыра жүргізеді. Саяси үгіттің шаруашылық жұмыстарымен ұштастырыла жүргізілуі өзінің тиіеті нәтижесін беруде. Быйыл колхоз өңінің әрбір ректарынан орта есеппен 12—13 центнерден өнім алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындады.

Партия ұйымы үгітшілерінің семинарларын өткізіп тұрады. Онда үгітшілер түрлі тақырыпта баяндамалар тыңдап, тәжірибе ауыстырады. Үгітшілер коллективі колхозшылар бұқарасы арасында саяси үгітті әсерлі ұйымдастырып, олардың өндірістік белсенділіктерін арттыра береді.

Е. МҰҚАШЕВ,

Үгітшілер коллективінің жетекшісі.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

вет үкметінің 26 ноябрьдегі нотасы АҚШ-та асып-сасқан абыржушылық тудырды. Мемлекеттік департамент істің сыйпатын көрсеткенде, Совет Одағы өзінің позициясын «қайта қарады-мыс», мұның өзі батыс дипломатиясының күш жұмсауы арқасында болды-мыс деп көрсетуге қолайсыз әрекет жасады. Бірақ бұл жалған мәлімдемелер адастыра алмайды.

Совет үкметі жүргізіп отырған саясаты бұрмалап көрсету үшін Вашингтон насихатшылары барлық күшімен әрекеттенуде. Олар фактілерді бұрмалап, Совет Одағы төрт державаның сыртқы істер министрлерінің кеңесіне қатысуға риза екенін 26 ноябрьде тұңғыш рет мәлімдеді-мыс деп қайдағы біреулерді сендіруге әрекеттенуде. Ал істің шындығында Еуропаның хауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде өте зор маңызы бар герман мәселесін бірлесіп қарау және шешу туралы тек Совет үкметі ғана бір жарым жылдан аса уақыттан бері дәйектілікпен ұсыныстар жасап келгені жалпы жұртқа жақсы мәлім. Батыс державалары, ең алдымен Құрама Штаттар, мұның орнына, осындай кеңеске жол бермеу, герман проблемасын бейбітшілікпен реттеуге кедергі келтіру мақсатымен әр түрлі айла-әрекет жасап келді.

«Вашингтон пост» газетінің шолушысы Липпман АҚШ-тың кәзіргі сыртқы саясатының халықаралық қатынастардағы шиеленісті сақтауға негізделіп отырғанын атап көрсеткен. «Біздің ресми әрекеттеріміз, — деп жазады ол, — егер шиеленіс бөсеңдеген күнде Атлантикалық одақ және еуропалық бірлік сияқты зор шаралар... күйрейді деген хауіпке негізделген... Бұл — үлкен саясат үшін әлсіз негіз».

Осы фактілерге қарағанда, Совет Одағының төрт державаның келіссөздеріне қатысқысы «келмейтіні» туралы лақап, сондай-ақ совет позициясының «өзгергені» туралы лақап та мүлде жалған лақаптар болып табылады. ССРО-ның халықаралық проблемаларды реттеуге ұмтылған талабының мызғымайтындығын соңғы совет нотасы бүкіл дүние жүзіне тағыда айқын көрсетіп берді. Францияның, Англияның және АҚШ-тың сыртқы істер министрлерінің кеңесіне қатысуға өзінің өзін қуаттай отырып, Совет үкметі бұл кеңесте халықаралық қатынастардағы шиеленісті бөсеңдету мақсатымен, таяудағы уақытта бес державаның — Францияның, Англияның,

болар еді. Бейеннің дәл өзі «бірлестік» туралы мәселені «европалық армиямен» байланыстырмауды талап етті, өйткені оның жобасын «қайта қарау керек» деді.

Италияның премьер-министрі және сыртқы істер министрі Пелла кеңеске қатысушыларға «европалық армия» туралы договорды бекітуді өз үкметінің «Триестегі жанжалды жойғанға» дейін кейінге қалдыратын ниеті бар екенін мәлімдеді. Кеңеске Бидоның орнына қатысқан Пароди француз парламентіндегі қыйыншылықтарға байланысты өзінің конференцияға белсене қатыса алмайтынын ашықтан-ашық мәлімдеп, өзінің ролін іс жүзінде бақылаушының ролімен тғындырды.

Осындай жағдайда конференцияға қатысушылар жаңа конференция шақыруды белгілеп, үйлеріне тарап кетуге мәжбүр болды. «Европалық саяси бірлестік» құру жобаларына байланысты бірде-бір елеулі мәселе шешілген жоқ. Француздың «Энформасьон» газетінің атап көрсеткеніндей, конференцияға қатысушылардың өздерінің мойындауынша, бұл жобалар іс жүзінде «көрге көмілген» болып шықты.

АҚШ-тың және оның Бонндағы малайларының «саяси бірлестік» құру ниетінің астарында ең алдымен «европалық армия» құру, гитлерлік вермахты қайта тудыру әрекеттері бүркемеленіп отырғанын Батыс Еуропаның халықтары айқын түсінуде. Сондықтан барлық батысеуропалық елдердің жұртшылық топтарында Батыс Германияны милитарландыруға қарсы және бұл елдердің АҚШ-тың агрессиялық жоспарларына қатысуына қарсы қозғалыс өрісетуде. Бұл қозғалыс өзінің жемістерін беріп отыр, оны, атап айтқанда, Францияның мысалынан көруге болады, мұнда халықтың еркімен санасуға мәжбүр болған буржуазияшыл парламентшілердің көпшілігі «европалық армия» құру идеясын қабылдамай тастауда.

Гаагадағы конференцияның сәтсіздікке ұшырауы, сонымен қатар, Батыс Еуропа елдеріндегі халық қозғалысының нәтижесі болып табылады. Герман милитаризмі мен фашизмнің қайта жандану хауіпі осы қозғалысты күшейтуде.

Д. БОЧАРОВ.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАУДАҒЫ ЗАСТАВА»

Сеанстар сағат 10-12,30-2,30-4,30-6,30-8,30-10,20-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЗЭЙТУН АҒАШТАР АЛҚАБЫНДА ТЫНЫШТЫҚ ЖОҚ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.